

## Сотталғандар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе қаласының әкімдігі 2006 жылғы 21 сәуірдегі N 706 қаулысы. Ақтөбе қаласының әділет басқармасында 2006 жылдың 12 мамырда N 3-1-49 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 20 сәуірдегі N 911 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2009.04.20 N 911 қаулысымен.**

Сотталған Қазақстан Республикасы азаматтарын қала объектілеріндегі қоғамдық пайдалы жұмыстарға тарту мақсатында және Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару Кодексінің 30 бабы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 31 және 37 баптары негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес сотталғандар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар тізімі анықталсын, жалпы саны - 50 адам.
2. Сотталғандар тапқан қаржы жергілікті бюджетке аударылсын.
3. Қала әкімдігінің 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 368 "Сотталғандар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Б. Мұхамбетовке жүктелсін.

*Қала әкімі*

## Сотталғандар үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар тізімі

№	Ұйымдар атауы	Жіберілетін сотталғандар саны
1.	"Арнаулы автокөлік" АҚ	5
2.	"Жасыл Әлем" ЖШС	5
3.	"Кастор" ЖШС	5
4.	"Өтес" ЖШС	5
5.	"Сандор" ЖШС	5
6.	"Абира" ЖШС	5
7.	"Башлам" ЖШС	5

8.	"Гем" ЖШС	5
9.	"Гүлтерек сервис" ЖШС	5
10.	"Зеленстрой" ЖШС	5
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>50</b>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК